

Хибина Н.Н.

**Сотталғандарды түзеуді
әлеуметтік-психологиялық
тұрғыдан қарастыру
мәселелері**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі бойынша сотталғандарды түзеудің негізгі құралдарына түсінік берілген. Сонымен қатар мақалада сотталғандарды түзеудегі әлеуметтік-психологиялық қызметтің мамандарының жұмысына аса маңызды көңіл бөлінеді. Қылмыстық-атқару жүйесі сотталғандардың жазасын жеңілдетуге және тәрбиелік әсер ету шараларын күшейтуге, жазаны өтеуде адамгершілік ортаны құруға бағытталған. Сондықтан қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіруде маңызды орын әлеуметтік-психологиялық қызметке жүктеледі. Әлеуметтік-психологиялық қызметтің мамандарының маңызды міндеттерінің бірі – сотталғандарда түзеу әсерінің тиімділігін арттыру, қызметкерлермен жұмыс жасауда адамдық факторды ұтымды пайдалану, сотталған адамдар мен жеке құрам арасындағы қатынасты оңтайландыру болып табылады. Сотталғандармен, күдіктілермен және айыпталушылармен жұмысты әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз ету: сотталғандарды тергеу изоляторында зерделеу, әлеуметтік оңалтудың үдерісін даралаңдыру бойынша ұсыныстар даярлау, психикалық ауытқушылықтары бар, өзіне-өзі қол жұмсау, дене мүшесін зақымдаушылыққа бейімділігін анықтау, психологиялық әдістермен түзеу және психопрофилактикалық іс-шараларды өткізуден тұрады. Сондай-ақ шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынылған кезде, колония-қоныстарына ауыстыруға ұсынылған, күзетсіз жүріп-тұруға құқық берілген кезде сотталғандарға психологиялық диагностика анықталады, психологиялық сотталғандарды босатуға психологиялық дайындық жүргізіледі. Психологиялық қызметкерлер әртүрлі қақтығыс жағдайларында сотталғандарға жедел психологиялық көмек көрсетуге дайын. Сотталған адамның жеке басын зерттеудің негізгі мақсаты – психологиялық әсер етудің жеке тиімді әдістерін таңдау болса, ал пенитенциарлық психологтардың негізгі міндеті – сотталғандардың криминалдық бағытын өзгерту, қылмыстардың шырғалаң шеңберін тоқтату, қайтадан орын алуы мүмкін құқық бұзушылықтарды болдыртпау немесе нақты адамға қатысты криминалдық ортаның теріс әсерлерінің дәрежесін төмендету болып табылады.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, сотталғандарды түзеу, түзеу әсері, түзеу құралдары, түзеу мекемесі, әлеуметтік-психологиялық қызмет, шартты түрде мерзімінен бұрын босату.

Khibina N.N.

**Fixing prisoners from
psychosocial point of view**

This article discusses how to fix prisoners from psychosocial point of view. According to penal execution code of Republic of Kazakhstan there was told about fixed assets how to fix convicts. Also this article discusses psychosocial worker's benefits in fixing prisoners. Penal execution system is directed to mitigation of atonement of punishment and strengthening of attention to influence and creation of the moral environment at punishment atonement. Therefore at improvement of penal executional system an important part is psychosocial service. The main aims of experts of psychosocial service are: raising the effectiveness of correcting exposure, beneficial use of human factors during the work with experts, to optimize relationship between convicts and staff. Ensuring social and psychological works with convicts, suspects and prosecutors consists from: researching prisoners in investigative detention, prepared offers when convicts with mental disorders, when they are suicidal behaviors, determining the dispositions of injury to organs of the body, correcting by psychological methods and conducting psychoprophylactic actions. Also, if they are offered to be free before the period and are offered to change colonies, allowed to go round without guard, the the prisoners will be conducted psychological diagnosis. For people who are convicted at colonies will be conducted psychological preparation. Psychologists are ready to help for people who are convicted in various conflict situations. The main aim of observing prisoners personality– is to select useful methods of psychological affect, and the main task of penitentiary psychologists– is to change criminal directions of prisoners. To stop swamped circle of crime, to avoid preventable right violation or to downsize the level of affecting criminal society concerning specific person. As a main aim of psychological service is accepted modern psychological science and increasing effectiveness of accomplishing punishment in terms of using practical achievements. The main functions of psychological services are also mentioned in the article.

Key words: Penal Execution Code of the Republic of Kazakhstan, Penal Code of the Republic of Kazakhstan, correction of convict, influence of correction, articles of correction, establishment of management, socially-psychological service, early release from service of sentence.

Хибина Н.Н.

**Исправление осужденных
с социально-психологической
точки зрения**

В статье рассматривается исправление осужденных с социально-психологической точки зрения. Согласно уголовно-исполнительному кодексу Республики Казахстан, дано определение основным средствам исправления осужденных. Наряду с этим, в статье уделено внимание специалистам социально-психологических служб, которые оказывают помощь при исправлении осужденных. Основной целью психологической деятельности является поднятие эффективности исполнения наказаний путем использования достижений современной психологической науки и практики. В статье так же указаны основные функции психологической службы.

Ключевые слова: уголовно-исполнительный кодекс Республики Казахстан, уголовный кодекс Республики Казахстан, исправление осужденных, исправительное воздействие, средства исправления, исправительные учреждения, социально-психологическая служба, условно-досрочное освобождение.

**СОТТАЛҒАНДАРДЫ
ТҮЗЕУДІ
ӘЛЕУМЕТТІК-
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ТҮРҒЫДАН
ҚАРАСТЫРУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 2-ші тарауының 7-бабының 2-ші бөлігінде заңды тұрғыда сотталғандарды түзеудің негізгі құралдарына түсінік берілген [1]. Сотталғандарды түзеудің негізгі құралдары жазаның түрі, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты, қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінә нысаны мен уәждері, сотталған адамның жеке басы және жазаны өтеу кезіндегі оның мінез-құлқы ескеріле отырып қолданылады. Сыртқы әсер етулерді қылмыстық жазаны орындайтын мекемелер мен органдар, өзге мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың өкілдері, қылмыстық жазаны өтеп жатқан адамның туыстары және жақын адамдары және басқа да сотталғандар көрсетеді. Олардың барлығы сотталғанның адамгершілік, құқықтық, еңбек, эстетикалық, интеллектуалдық және дене дамуы үрдісіне қатысады. Бұл қызметтер «түзеу әсері» атты терминмен қамтылады.

Сотталғандарды түзеу жазаны орындаудың нәтижесі және түзеу әсері құралдарын қолдану ретінде қарастырылады. ҚР Қылмыстық кодексі сот адамның түзелуі үшін тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет етілмейді деп танитын болса, сот бас бостандығынан шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы (72-бап, 1-б.) мүмкін деп белгілейді [2]. Ол сотталғандардың түзелуінің дәрежесіне байланысты және оны қылмыстық жазаны орындайтын мекемелер мен органдар анықтайды.

Түзелу түсінігін анықтау кезінде заң шығарушы жазаны орындау кезінде сотталған адамның шынайы қол жетімді жеке қасиеттерін қалыптастыруға көңіл аударады, яғни – қоғамдағы мінез-құлықтың қарапайым қасиеттері мен дағдыларына: адамды сыйлау, адамдық қоғамның нормаларына және ережелеріне, еңбекке дағдыландыру.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 7-бабының 1-б. сәйкес түзеудің негізгі құралдарына: 1) жазаны өтеу режимі; 2) тәрбиелік ықпал ету; 3) жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап тұру; 4) қоғамға пайдалы еңбек; 5) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуы; 6) қоғамдық ықпал ету жатады [1].

Қылмыстық-атқару жүйесі сотталғандардың жазасын жеңілдетуге және тәрбиелік әсер ету шараларын күшейтуге,

жазаны өтеуде адамгершілік ортаны құруға бағытталған. Сондықтан қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіруде маңызды орын әлеуметтік-психологиялық қызметке жүктеледі. Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару жүйесіндегі психологиялық қызмет 2004 жылы құрылды.

Әлеуметтік-психологиялық қызметтің мамандарының маңызды міндеттерінің бірі – сотталғандарда түзеу әсерінің тиімділігін арттыру, қызметкерлермен жұмыс жасауда адамдық факторды ұтымды пайдалану, сотталған адамдар мен жеке құрам арасындағы қатынасты оңтайландыру болып табылады.

О. Епифановтың пікірінше, «қазіргі кезеңде қылмыстық-атқару жүйесінің дамуында сотталғандармен тәрбиелік, әлеуметтік, психологиялық жұмыстың ұйымдастырудың жаңа түрлерін, жолдарын және тәсілдерін іздеу және талдау қажет, сонымен қатар бас бостандығынан айырылған адамдармен тәрбиелік жұмыс өткізудің де маңызы зор» [3].

Сотталғандардың жеке әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескермей, оларға әсер ету даулы жағдайлар тудырады және бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарға криминогендік ықпалдардың теріс әсерін өршітеді. Сотталғандардың жеке басын зерттеу құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қажет. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың өткен өмірі мен қазіргі өмірін біле отырып, сонымен қатар олардың жазаға, режимге, еңбек қызметіне, айналасындағы адамдарға қатынасына талдау жасай отырып, біз сотталған адамның жазаны өтеп жатқан кезіндегі және босатылғаннан кейінгі мінез-құлқына болжам жасай аламыз.

Түзеу құралдарын қолдануды дараландыру заңда аталған келесі белгілерге негізделеді: жасалған қылмыстың сипатына, яғни ол зорлықпен, пайдакүнемдікпен жасалды ма, әлде ол нақты адамға немесе қоғамға бағытталды ма немесе ол мемлекетке қарсы сипатқа ие ме; жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесіне, яғни онша ауыр емес қылмыстар, ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр қылмыстар және аса ауыр қылмыстар ма (ҚР ҚК-нің 11-бабы, 1-б.); сотталған адамның жеке басына, яғни оның әлеуметтік-демографиялық, адамгершілік-психологиялық және басқа белгілеріне байланысты.

Сотталғандармен, күдіктілермен және айыпталушылармен жұмысты әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз ету: сотталғандарды тергеу

изоляциясында зерделеу, әлеуметтік оңалтудың үдерісін дараландыру бойынша ұсыныстар даярлау, психикалық ауытқушылықтары бар, өзіне-өзі қол жұмсау, дене мүшесін зақымдаушылыққа бейімділігін анықтау, психологиялық әдістермен түзеу және психопрофилактикалық іс-шараларды өткізуден тұрады. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынылған кезде, колония-қоныстарына ауыстыруға ұсынылған, күзетсіз жүріп-тұруға құқық берілген кезде сотталғандарға психологиялық диагностика өткізіледі. Колонияларда сотталғандарды босатуға психологиялық дайындық жүргізіледі. Психологиялық қызметкерлер әртүрлі қақтығыс жағдайларында сотталғандарға жедел психологиялық көмек көрсетуге дайын. Психологиялық қызмет жұмысына байланысты сотталғандар арасында психологиялық ахуал жақсарды.

Бөлімшелердің психологтары ең алдымен тәжірибелік тапсырмаларды шешеді, олардың қызметі жаңалықтардың жоғары дәрежесімен ерекшеленеді.

Бүгінгі таңда психологтар сотталғандардың келесі санаттарының психологиялық ерекшеліктерін терең зерттеуде, яғни түзеу мекемелеріне жаңадан келгендерді, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарды.

Қылмыстық-атқару жүйесінің психологиялық қызметі сотталғандардың бөлек санаттарының психологиялық ерекшеліктері туралы біздің көзқарасымызды кеңейтуге мүмкіндік береді, олармен жұмыс істеу тәсілдері мен ерекшеліктері туралы, диагностикалық материалды қолданудың сенімділігін арттыруға, әсер етудің психологиялық әдістерімен түзеу шараларын дұрыс таңдауға көмектеседі.

Түзеу мекемесі сотталғандарды қайта әлеуметтендіру мекемесі болу үшін, олардың өздері қайта әлеуметтендірілген болуы керек. Психологиялық-педагогикалық сауатты қызметкерлермен қанықтырылған қайта ұйымдастырылған тұжырымдама қажет.

Түзеу мекемелерінің қайта әлеуметтендірілген қызметінің жалпы бағыттары ретінде: әрбір сотталған адамның жеке бастық ерекшеліктерінің психологиялық диагностикасын, оның жалпы әлеуметтенуінің, құқықтық әлеуметтенуінің нақты кемшіліктерін, психикалық өзін-өзі реттеу кемшіліктерін анықтауды; жеке-тұлғалық психологиялық-педагогикалық түзетудің ұзақ мерзімді бағдарламасын жасау, оны кезең-кезеңмен жүзеге асыруды; психикалық терапияның қажетті шараларын жүзеге асыру, жеке бастық акцентуация, есалаңдық релаксациясын;

адамның бұзылған әлеуметтік байланыстарын жан-жақты қалпына келтіру, оның әлеуметтік оң психикалық белсенділігін мобилизациялау, әлеуметтік оң құндылықтарының бейімделуін қалпына келтіру негізінде ағымдағы және болашақ мақсатты тұжырымдауда әлеуметтік оң ортаны қалыптастыруды; режимнің жаңа қағидаларын жасау және ендіру, оны түпкілікті ізгілендіруді; оң шығармашылық мүдделер негізінде әлеуметтік және оң микроортаны ұйымдастыру, топшілік тұлғааралық қарым-қатынастарда тұлғаның адамгершілік өз-өзін көрсете алу үшін жағдайлар тудыруды; әлеуметтік бейімделген мінез-құлықтың көтермелеу әдістерін кеңінен пайдалануды көрсетуге болады.

И.И. Аминовтың пікірінше, психологиялық қызметі қылмысты жасаған адамдарға, күдіктілерге және айыпталушыларға, бас бостандығынан айырылғандарға психологиялық қолдауды ұйымдастыру және жүзеге асыруға [4], сонымен қатар қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерінің қызметін психологиялық қамсыздандыруға бағытталған.

Психологиялық қызмет қызметкерлері сотталғандардың жеке басын зерттеуді жүзеге асырады және оларға психологиялық қызмет көрсетеді. Сотталғандардың психологиялық көмек көрсетуге байланысты іс-шараларға қатысуы олардың келісімімен жүзеге асырылады.

Белсенді дамып келе жатқан Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі аясында адамдарды және сотталғандардың ортасын зерттеу әдістерін пайдалану бірнеше бағытта жүзеге асырылады: 1) сотталғандардың психологиялық мінез-құлқын қалыптастыру; 2) сотталғандардың бөлек топтарының мінез-құлқын болжау; 3) сотталғандардың мінез-құлқын психологиялық әдістермен түзеу; 4) түзеу әсерін дараландыру бойынша ұсыныстар жасау.

Сонымен, сотталғанның жеке басы – пенитенциарлық-психологиялық зерттеулердің негізгі саласы.

Зерттеу кезінде туындайтын негізгі сұрақтардың бірі – қылмыскердің жеке басы басқа адамдардан немен ерекшеленеді, оның мінез-құлқының ерекшелігі неде, адамды нақты қылмыс жасауға не итермелейді деген сұрақтар.

Бар зерттеу тәжірибелеріне сүйене отырып, қылмыстық мінез-құлық – ортаның, соның ішінде қоршаған ортаның жағымсыз әсерінің нәтижесі ғана, ал адамның бұған ешқандай қатысы жоқ деп айтуға болмайды. Яғни, сыртқы әсерлер қылмыстық мінез-құлықты тікелей тудырмайды.

Тұлға дами отырып, ерте ме кеш пе ортаның әсеріне талғам жасай алатын дербес және белсенді фактор бола бастайды. Яғни адам оның психологиялық табиғатына көп дәрежеде сәйкес келетін ынталандыруларды ғана таңдай немесе игере бастайды. Адам тұлға ретінде – орталық әсерлердің өнімі ғана емес, ол сонымен қатар өзіндік дамудың нәтижесі. Мысалы, екі адам бір жағдайда, бір әлеуметтік ортада тәрбие алса да адамдармен қарым-қатынас жасауда, мінез-құлықтарын, қабілеттіктерін мүлдем әртүрлі танытуы мүмкін.

Сондықтан, В.Л. Васильевтің пікірінше, қылмыстардың алдын алу сотталғанның жеке басына кешенді тәсілдеме жүргізуде ғана мүмкін. Тұлғаның өзі ғана қылмыс жасаудың себептеріне жауап бере алады, сонымен қатар тұлғаның қандай жағдайларда дамығандығын және нақты жағдайлардың әсерін де ескеру қажет [5].

Сотталғандардың психологиялық ерекшеліктерін білу түзеу мақсаттарына жету үшін олармен өзара әрекеттесуді дұрыс ұйымдастыру үшін қажет. Адамның психологиясын білу көбіне оң өзгерістердің мақсатқа бағытталған жолдарын анықтауға, әсер етудің тиімді әдістерін таңдауға, әрбір сотталған адамға сараланған және жеке тәсілдемені қамтамасыз етуге көмектеседі.

Сотталған адамды зерттеу теріс ниеті бар сотталғандар тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алуға, сотталғандардың ұжымында оң психологиялық атмосфераны қалыптастыруға, көркемөнерпаздық ұйымдардың қызметінің тиімділігін көтеруге көмектеседі. Психолог сотталған адамның өткен өмірі мен қазіргі уақыттағы өмірін біле отырып, оның жасаған қылмысына, жазаға, режимге, колонияның әкімшілігіне, еңбек қызметіне, айналасындағы адамдарға қатынасына талдау жасай отырып, сотталған адамның жазасын өтеу барысында және өтеп болғаннан кейін де оның мінез-құлқына болжау жасай береді.

Пенитенциарлық психология саласындағы зерттеулер сотталған адамның нақты санаттарын зерттеу бағытында келе жатыр. Түзеу мекемелерінде түзеу мекемелеріне жаңадан келгендерге, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылатындарға және т.б. ерекше көңіл аударылады. Әрбір аталған топтар ерекше көңіл аударуды және сараланған тәсілдемені қажет етеді.

Сондықтан, егер сотталған адамның жеке басын зерттеудің негізгі мақсаты – психологиялық әсер етудің жеке тиімді әдістерін таңдау болса, ал пенитенциарлық психологтардың негізгі

міндеті – сотталғандардың криминалдық бағытын өзгерту, қылмыстардың шырғалаң шеңберін тоқтату, қайтадан орын алуы мүмкін құқық бұзушылықтарды болдыртпау немесе нақты адамға қатысты криминалдық органның теріс әсерлерінің дәрежесін төмендету болып табылады.

Т.Н. Курбатованың пікірінше, психологиялық қызметтің қызметінің негізгі мақсаты болып заманауи психологиялық ғылым және тәжірибе жетістіктерін пайдалану негізінде жазалардың орындалуының тиімділігін көтеру табылады.

Психологиялық қызметтің негізгі функциялары:

– Диагностикалық – тұлғаны терең, объективті және жан-жақты зерттеу негізінде, оның жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтау және сипаттау мақсатында психологиялық суретін қалыптастыру және психологиялық диагнозын қоюдан; ерекше назар аударатын топқа жататын адамдарды табудан; әлеуметтік ортақтықты зерттеуден (сотталғандар топтарын, қызметкерлер ұжымы және т.б.), әлеуметтік-психологиялық құбылыстар және жағдайлар динамикасынан тұрады. Ол тұлғаны және топты зерттеу, сонымен қатар психологиялық алгоритмдерді өңдеу және алынған ақпаратты түсіндіруде арнайы психодиагностикалық әдістерді (тестілеу, құжаттарды зерттеу, сұхбаттасу, бақылау және т.б.) қолдану арқылы жүзеге асырылады.

– Ақыл-кеңес беру жұмысы – жеке психологиялық мәселелерді шешуде жеке тұлғаға психологиялық көмек көрсетуге, күйзелістік және проблемалық жағдайларды еңсеру үшін тұлғаның ішкі резервтерін өзектендіруге, кәсіптік бағдар беру, өздігінен дамуында көмектесуге, сонымен қатар психологиялық факторларды ескере отырып, қызметтік міндеттерді шешуге бағытталған.

– Психотүзету жұмыстары – жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық мақсаттарын және құндылық бағдарларын нысаналы өзгертуден, оны өзін-өзі реттеу және өзін-өзі бақылау амалдары мен тәсілдеріне үйретуден, тұлғаның қарым-қатынас жүйесіндегі қатынас жасау, түзету және дамуы саласында қажетті дағдылар мен қасиеттерін қалыптастырудан тұрады. Осы қызмет аясында психолог жеке және топтық нысан жұмыстарын пайдалана отырып, психотүзету шараларын жүргізеді (әлеуметтік-психологиялық тренингтер және т.б.).

– Болжамалы және психопрофилактикалық – жеке және топтық мінез-құлықты болжаудан, жеке адамның дамуының болашағына және әлеуметтік жағдайға баға беруден, тұлғааралық

қақтығыстарды, эмоциялық күйзеліс, өзіне-өзі қол жұмсау, сотталғандарды, күдіктілерді және айыпталушыларды қоғамнан оқшаулаумен уағдаласқан, сонымен қатар қызметінің ерекшелігі және жағдайларынан, тұрмыстық және отбасылық мәселелерден туындаған мекемелердің қызметкерлерінің өзге де жағымсыз көріністерін уақтылы алдын алудан тұрады.

– Ағартушылық – қызметкерлер құрамының психологиялық мәдениеті және біліктілік дәрежесін арттырудан, мекеме қызметкерлерінің психологиялық қызметпен құрылмалы байланысты орнатудан, оларға кәсіби маңызды психологиялық дағдылар мен жұмыстың әдістерін үйретуден, психологтан алынған ақпарат және ұсыныстарды сауатты пайдалануға үйретуден, сонымен қатар сотталғандар, күдіктілер және айыпталушылар арасында қажетті психологиялық білімдерді таратудан және психолог маманына сенім білдіру мен оның қызметіне дұрыс қатынас қалыптастырудан тұрады. Бұл функцияның жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін психологиялық қызметінің қызметкерлері қызметтік дайындық жүйесінде дәріс, сұхбат, сабақтар өткізеді және психологиялық білімді насихаттаудың өзге де нысандарын пайдаланады.

– Зерттеу – пенитенциарлық психология саласында зерттеулер мен тәжірибелерді дербес өткізуге немесе білім беру және ғылыми-зерттеу мекемелерімен бірлесе отырып өткізуге, бас бостандығынан айыру орындарында әртүрлі әлеуметтік-психологиялық құбылыстар мен үдерістерді зерттеуге, тұлға және әлеуметтік ортақтықты зерттеудегі ғылыми-негізделген әдістерді әзірлеу және сынақтан өткізуге, жеке және топтық мінез-құлықты түзетуге, психологиялық қызметтің әртүрлі бағыттары бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірлеуге бағытталған [6].

Жоғарыда айтылғаннан белгілі болғандай, сотталған адамның жазаны дұрыс қабылдауы өкінішті орнатудың туындауында ғана мүмкін, ол барлық тәрбиелік әсерлерді меңгеру жолында сүзгі ролін атқарады. Сондықтан тиімді психотүзетулер үшін сотталған адамдардың жаза және қылмысқа қатынасы бойынша көзқарастарын өзгерту керек.

Жазаға қатынасы – сотталған адамның ең басты жеке бастық күйзелісі. Бұл сотталған адамның құқықтық және адамгершілік сана-сезімі дәрежесін сипаттайтын және түзеудің, тәрбиелік жұмыс, білім беру және кәсіптік даярлығының мақсаты және тәсілдеріне жанамалық қатынасының өзіндік ұстанымы.

Түзеу мекемелеріне психолог қызметі ендірілгеннен бастап сотталғандарды білікті және терең зерттеу мүмкіндігі едәуір артты. Себебі психологтар адамгершілік қатынас аясында

маман болып табылады және адамның мінез-құлқының заңдылықтары туралы іргелі білімі және арнаулы психологиялық іс-шараларды өткізуде де дағдылары бар.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ
- 2 Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. – Алматы: Юрист, 2014. – 204 б.
- 3 Епифанов О.С. Некоторые вопросы правового регулирования воспитательной работы с осужденными к лишению свободы. orfsin.ru/files/redsov/epianov.rtf
- 4 Аминов И.И. Юридическая психология. – М., 2007. – С. 349-353.
- 5 Васильев В.Л. Юридическая психология. – СПб., 1991.
- 6 Юридическая психология / под ред. Т.Н. Курбатовой. – СПб.: Питер, 2001.

References

- 1 Kazakhstan Respublikasinin Kilmistik – atkaru kodeksi 2014 zh 5 shilde number 234-V KRZ
- 2 Kazakhstan Respublikasinin Kilmistik kodeksi – Almaty: Yurict, 2014. – 204 b.
- 3 Epifanov O.S. Nekotorye voprosi pravovogo regulirovaniya vospitatelnoy raboty s ocuzhdennymi to lisheniyu cvobody. orfsin.ru/files/redsov/epianov.rtf
- 4 Aminov I.I. Yuridicheckaya psixologiya. – M., 2007. C. 349-353.
- 5 Vacilev V.L. Yuridicheckaya psixologiya. – SPb., 1991.
- 6 Yuridicheckaya psixologiya / Pod red. T.N. Kurbatovoy. – SPb .: Piter, 2001.